



18+

газета издается с 26.06.2004 года

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 28/68

12 июля 2019 года

Вестник

Абайдың туғанына 175 жыл

К 175-летию Абая

АБАЙ – АҚЫН, АҒАРТУШЫ, ДАНА САЗГЕР...

Ұлы ағартушы, ақын, сазгер Абай өмірінің соңына дейін қазақ халқының жарқын болашағы үшін күрескен бірегей тұлға екендігін ол туралы тарихи деректерден, мектеп оқулықтары мен жазушы-тарихшылардың еңбектерінен жақсы білеміз. Артына қалдырып кеткен аса құнды мұраларында Абай адам бойында кездесетін жаман мінез-құлықтарды сынады және адамдықты,



ақыл мен білімді алға қойды әрі дәріптеді. Сонымен қатар, қазақ халқын басқа туысқан халықтардың мәдениеті мен өнерін білуге шақырды. Ұлтымыздың ұлы перзенті – хакім Абайдың, өз заманынан оза туған ақынның терең ойлары мен асыл сөздері келешек заманымызда да гауһардай жарқырап, көзі ашық көкіректерге нұр болып құйыла берері хақ. Абайдың ақындық әлемі мағыналық ауқымы өте кең ұғым. Абай поэзиясы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейтесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ өмірінің көркем бейнеленген тегі теңіз шындығы бар. Абай шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында өзінше бөлек, өрісі аса биік, мүлде жаңа ой-пікір, көркем сезім әлемін ашқаны даусыз.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев тарихи деректерге қарай 1845-жылы Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының етегінде туған. Шыққан ортасы – бай, билік басындағы Тобықты руының белгілі ел билеушілері болған. Әкесі Құнанбай болыс, аға сұлтан ретінде халықты билеп, әділ адам ретінде жұрттың жадында сақталған. Құнанбайдан Құдайберді, Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан, Қалиолла, Ысмағұл деген жеті бала туған. Солардың ішінде Абай (шын аты Ибраһим) жас кезінен-ақ ерекше көзге түсіп, келешегінен үлкен үміт күттірген бала болғанын «Абай жолы» роман-эпопеясын оқығандар жасқы біледі. Абай жас кезінен өлең, әңгімеге әуес болып, ертегі аңыздарды құмарта тындайды. Әжесі Зере мен анасы Ұлжанның аузынан естіген ертегі аңыздар – Абай сусындаған халық әдебиетінің алғашқы үлгілері десек артық емес. Кішірек кезінде ауыл молдасынан аздап

сауат ашқан Абайды әкесі он жасында Семейге оқуға жібереді. Әуелі ол Ғабұл-Жаппардың, кейін Ахмет-Ризаның медресесінде оқиды. Болашақ ақын өзімен сабақтас шәкірттерден анағұрлым үздік оқыған және мектепте жүргізілетін дін сабағын жеңіл меңгеріп, араб, парсы тілдерін үйренеді, бос уақытын кітап оқуға, өз бетімен ізденуге жұмсайды. Медресенің соңғы жылында Абай мұсылманша оқумен қатар, Семейдегі «Приходская школаға» түсіп, үш айдай орысша да оқыған. Он үш жасында Абайды әкесі Құнанбай оқудан шығарып, өз қасына алады да, ел билеу ісіне баули бастайды. Ел басқару қызметінде өз орнымды басар ұлым осы ғой деген оймен Абайға әр түрлі жол көрсетіп, тәрбиелейді.

Ел ісіне араласу білімді, саналы, ойлы жас Абайдың ел танып, жер танып есеюіне, халықтың әдет-ғұрып, тұрмыс-салтын терең танып білуіне жол ашады. Әкесіне ере жүріп, сол кездегі шешен-билердің, аузы дуалы адамдардың ортасына түседі. Бұл жол Абайды халықпен жақындастырады. Ол көп ескі әңгімелерді халық ішінде жүріп үйренеді. Сол әңгіме-жырлардағы елдің зарын, мұңын, әкімдер қиянатынан көрген зәбірді, ел ақындарының атқамінерлер жайындағы сынын көп естиді. Алпысыншы жылдардың аяқ кезінен бастап Абай аздап өзінің шығармашылығы мен білім кеңістігін дамытады, орысша кітаптарды көп оқиды. Семей кітапханасынан кейде өзі барып, кейде арнайы кісі жіберіп кітаптар алдырады. Қыс айларында қалада ұзақ жатып, кітапханада отырып оқитын кездері көп болады. Сөйтіп жүріп ол 1870-жылы Петербургтен жер аударылып келген жас төңкерісшіл Е.П.Михаэлиспен кездеседі. Абай орыс әдебиетінің классиктері Пушкин, Лермонтов, Салтыков – Шчдрин, Некрасов, Толстой шығармаларын, Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов сияқты революцияшыл-демократтардың еңбектерін оқиды.

1882-жылы «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» және Лермонтовтан аударған «Бородино» өлеңдері көркем туындылар ретінде көпшілікке танылады. Абайдың ақындық жолға бет бұрғандағы алғашқы сөзі мәдениет пен білімнің маңызын насихаттауға арналады. Оның 1885-жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», 1886-жылғы «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» деген өлеңдері жыр әлеміне соны жаңалық алып келді. «Қалың елім, қазағым», «Сабырсыз, арысыз, еріншек», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңдері нағыз заманауи өлеңнің үлгісі ретінде қоғамға танылды. Абай ақын ретінде мағаббат, табиғат, көңіл-күй лирикасын шебер жырлаған және оқырманын тәнті өткен алғашқы ақын болып табылады.

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Жаз», «Қыс», «Қараша желтоқсанмен сол бір – екі ай», «Жазғытұры өлеңдері осының дәлелі.

Абай ақын ғана емес, аудармашы ретінде де бұл салаға алғаш болып соны

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОДДЕРЖАЛ СТИХОТВОРНУЮ ЭСТАФЕТУ В ЧЕСТЬ 175-ЛЕТИЯ АБАЯ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев поддержал стихотворную эстафету в честь 175-летия Абая Кунанбева, передает Kazpravda.kz.

сетей прочитали отрывки из произведений великого Абая и опубликовали посты в поддержку инициативы о проведении юбилея.



Инициатива Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева о праздновании 175-летия поэта Абая Кунанбева вызвала большую поддержку пользователей социальных сетей.

Так, выпускница программы "Болашақ" Шынар Шакинова запустила challenge. Она наизусть на камеру прочитала стихотворение великого казахского поэта.

Challenge поддержали известные блогеры и вайнеры, а социальные сети наполнились публикациями с хэштегом #Abai175. Данная инициатива направлена на популяризацию наследия Абая в обществе, пропаганду его произведений среди современной молодежи.

Challenge охватил уже около 9 тысяч человек, 582 пользователя социальных

Главе государства эстафету передала девочка по имени Ляйлим Ширак.

"Я с большой радостью принял эстафету. Имя Абая всегда будет созвучно с казахским народом."

Благодаря Абаю мы открыли миру нашу страну. В этом году, 30 мая, я подписал указ о праздновании 175-летия великого Абая на национальном уровне.

Наследие Абая – это наше бесценное сокровище", – написал Президент на своей странице в Instagram.

Касым-Жомарт Токаев передал эстафету министру образования и науки Асхату Аймагамбетову, министру культуры и спорта Актоты Раимкуловой и всемирно известному певцу Димашу Кудайбергелу.

Источник: www.kazpravda.kz.

жол салған шығармашылық иесі. Оның мына аудармалары – А.С.Пушкиннен «Татьянаның қырдағы әні», Лермонтовтан 27 аударған шығармаларын осының айғағы. Абай Крыловтан мысал өлеңдер аударды. Абайдың «Бойы бұлған», «Өлсем орным қара жер», «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңдері сол кездегі ақындық шығармашылыққа енген жаңалықтары. Абай өзі жазған өлеңдерге өзі ән шығарған ақын. Оның көп өлеңдері өз әнімен тараған. «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным», «Бойы бұлған», «Айттым сәлем, Қаламқас» «Қараңғы түнде тау қалғып», «Татьянаның хаты» тәрізді аудармаларынан туған әндер бүгінге шейін халық арасына ән болып шырқалып келеді. Абайдың жазған поэмаларынан «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» ірі де, мазмұнды шығар-

малар болып халыққа тарады әһм мектеп оқулықтарына енгізді. Абай прозаға да тыңнан жол салған дана. Абайдың 45 қара сөзі арнайы кітап болып жарыққа шығып, ондағы даналық сөздері, ой-пікірлері, таным-пайымдары бүгінгі өскелең ұрпақты тәрбиелеуге өз ықпалын тигізуде.

Ақын, дана Абайдың 175 жылдық мерейтойы жыл бойына елімізде аталып өтетін болады. Бұны мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Токаев жақында өз сөзінде мәлімдеп, телеарна арқылы Абайдың өлеңін жатқа оқып, жұртшылыққа үндеу тастады. Ақынның мерейтойы біздің Приозерск қаласында да лайықты қарсы алынып, көңілдегідей атап атап өтіледі деп ойлаймыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, газеттің арнаулы тілшісі.



Рухани жаңғыру аясында

«БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ» – КІТАПХАНАДА

Өткен аптаның жұма күні, шілденің бесінші жұлдызында Приозерск қалалық кітапханасының жанынан «Білім орталығының» ашылу салтанаты болып өтті. Оған қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Қазмин, «Нұр Отан» партиясы қалық филиалы төрағасының бірінші

қалардан үйренуге, олармен ойнауға, балалардың өз шығармашылық қабілеттерін арттыруға және шахмат, дойбы ойнау арқылы ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беретін демалыс орталығы деуге де болады.

«Білім орталығын» ашу құрметі қала



орынбасары, депутат Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев, қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева, «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы, қалалық мәслихат депутаты Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев, мекемелер мен кәсіпорындар басшылары, балалар, «Жасыл ел» тобының қатысушылары мен ана-әжелер және баспасөз өкілі қатысты.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде және «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан кітап-

әкімі Қайрат Амангелдіұлы Қазмин мен «Нұр Отан» партиясы қалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаевке берілді. Аталған қос тұлға «Білім орталығының» ашылуымен жиын қатысушыларын құттықтап, оның мәні мен мазмұнына тоқталды. Сондай-ақ, салтанатты ашылуда «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы, қалалық мәслихат депутаты Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев құттықтау сөзін арнады. Өз кезегінде сөз алған кітапхана директоры



ханалары – заманауи білім орталықтары» бастамашыл жобасы аясында жүзеге асқалы тұрған аталмыш ісшара, қала жұртшылығы және бүкіл қаланың кітап-сүйер қауымы үшін қуанышты жаңалықтың бірі болып отыр. Сонымен бірге, қаламыздың бірден-бір мәдениет ошағы кітапханада «Білім орталығының» ашылуы – жаңа оқырмандарды мәдениет ошағына тарта түсуге және жаңа жұмыс орындарын енгізуге мүмкіндік беретін технологиялық мүмкіндік болып табылады. Бұл жерде іскерлік кездесулер, пікірталастар, әртүрлі клубтар, шеберлік сыныптары, курстар мен тренингтер ұйымдастыруға болады. Ең маңыздысы – білім орталығының барлық қызметтері тегін. Кітапханадағы білім орталығы – компьютермен жұмыс істеуге, өзіңе ұнаған кітаптыңды оқуға, жаңа да қызықты, заманауи техни-

Павлина Сиязбекқызы Кенжебекова жиынға қатысушыларға, қала әкімі Қ.А.Қазминге осынау аса қажетті орталықтың ашылуына үлкен көмек көрсеткені үшін алғыс сезімін білдіріп, «Білім орталығы» қала тұрғындары мен оқушыларға, балаларға қалтқысыз қызмет ететіндігін айтты және осы ішарадан кейін кітапхана ғимаратында «Домбыра күні» және «Елорда» күні мерекелеріне арналған шаралар өтетінін жеткізді.

Аталмыш ішарадан соң кітапхана директорымен бірге кітапхана ғимаратының ауласын аралаған қала әкімі оған ғимараттың сырты мен ауласын одан әрі абаттандырып, жақсарта түсу бойынша тапсырмалар берді.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.

Суретте: ашылу салтанатына көріністер.

Суреттерді түсірген автор.

ЕЛОРДА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Жұма, яғни бесінші шілде күні Приозерск қаласы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының ғимаратында жиырма бірінші рет тойланып отырған «Елорда күні» мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті.

Оған қала тұрғындары, мекеме, кәсіпорын, мектептер қызметкерлері, әскери бөлімдердің сардарлары мен сарбаздары қатысты. Салтанатты жиынды Мерей Тұрсынбеков пен Динара Досымбет жүргізді.

Салтанатты жиында «Нұр Отан» партиясы қалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары

мәлімет беріп, биылғы жылдың 20-маусымынан бастап мемлекетіміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың құрметіне «Нұр-Сұлтан» қаласы болып аталғанына тоқталды.



Мерекелік жиыннан соң қаламыздағы көркемөнерпаздар ұжымының қатысуымен мерекелік концерт тамашаланды. Онда қалаға танымал әншілерден Гүлмира Шералиева, Жұпар Бейсенова, Азамат Ерназаров және Мерей Тұрсынбаевтар көрермендерге әннен шашу сыйлады.

Н.ӨТЕП.

Суретте: салтанаты жиыннан көріністер.

Суреттерді түсірген автор.



Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев мерекелік шараға қатысушыларды «Елорда күні» мерекесімен құттықтап, өзінің жылы лебізін білдірді. Салтанатты жиын жүргізушілері жиынға қатысушыларға Елорданың өткен тарих енісінде қалған Ақмола, Целиноград, Астана атауларының жылнамасы жайында



Цифровой Казахстан

В ТРЕХ ОБЛАСТЯХ КАЗАХСТАНА НАЧАЛОСЬ ПОЭТАПНОЕ ОТКЛЮЧЕНИЕ АЭТВ

В рамках Государственной программы «Цифровой Казахстан» в стране активно реализуется проект по поэтапному переходу на цифровое эфирное телерадиовещание с полным отключением аналогового телерадиовещания. На сегодняшний день построено и модернизировано 447 радиотелевизионных станций. Данное количество РТС позволяют охватить цифровым эфирным телерадиовещанием 4255 населенных пунктов Казахстана.



июля текущего года на радиотелевизионной станции города Павлодар состоится отключение аналогового телерадиовещания во всей области.

Для успешной реализации проекта, в Костанайской области было построено и модернизировано 59 РТС, из них 32 вновь возводимые. По итогам всех работ уровень охвата цифровым эфирным телерадиовещанием составил 98% населения региона, а это 627 населенных пунктов. Полное отключение аналогового телерадиовещания во всей области состоится 1 июля на радиотелевизионной станции города Костанай.

Отключение аналогового эфирного вещания и переход на цифровое эфирное вещание в Казахстане идет согласно утвержденному графику. В 2018 году был осуществлен переход на ЦЭТВ с полным отключением АЭТВ в Мангистауской, Жамбылской, Туркестанской областях и в городе Шымкент.

ОВП,КиРЯ г.Приозерск

Для достижения намеченных целей в области было построено и модернизировано 29 радиотелевизионных станций. 1

Сүйінші жаңалық

Ішкі туризмді дамыту

«ҮЗДІК АУДАРМАШЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Қаламызда жыл сайын әртүрлі салалар мен мамандықтар, бағыттар бойынша байқаулар өткізіп отыру дәстүрге айналған. Бұл өз кезегінде мамандардың өз саласы бойынша жеткен жетістіктеріне үңіліп, олардың кәсібилік деңгейлерін саралап, сараптап, тиісті баға беріп отыруға

лер 3 кезең бойынша сынға түсті. Байқаудың әр кезеңіне 20 минуттан уақыт берілді және байқау қатысушылары өз мүмкіндіктерінен барынша тиімді пайдалануға тырысты.

Қазылардың бағалауы мен сынынан өткен байқау нәтижесі бойынша бірінші



мүмкіндік береді және мамандардың қызметіне болған қызығушылығын арттыруға, алға ұмтылуына, серпілдіруге көмектеседі. Осындай кезекті байқаудың бірі осы жылға маусым айының 28-жұлдызында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен қалалық кітапханада «Үздік аудармашы» атауымен болып өтті.

орынды «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психолог маманы Алуа Уалиханқызы Уалиханова жеңіп алса, екінші орын «Балақай» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорнының қызметкері Жанат Ялғашбековна Абулованың еншісіне бұйырды. Ал, жүлделі үшінші орынға жинаған ұпай нәтижесіне сәйкес, «КТҮҚҚБ» комму-



Аталмыш байқауға жергілікті мемлекеттік органдарда, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерде қызмет істейтін мемлекеттік тілде іс жүргізуші, аудармашы мамандардан құралған және өздерінің осы саладағы атқаратын қызметтері бойынша бақ сынап көруге талпынған 6 үміткер қатысты. Байқаудың мақсаты аудармашылардың іс жүзіндегі біліктілігі мен тәжірибесін сараптау, мемлекеттік тілде дайындалатын іс қағаздарының сапасын және аудармашылардың кәсіби біліктілігін арттыру. Байқау ережесіне сәйкес үміткер-

налдық мемлекеттік кәсіпорнының хатшы-іс-жүргізушісі Динара Пернебайқызы Амандыкова қол жеткізді.

Байқау жеңімпаздарына Құрмет грамотасы және бағалы сыйлықтар табысталды. Ал, байқауға қатысқан үміткерлер арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

Байқауға қатысқан әрбір үміткерге әділ қазылар алқасы алдағы қызметтері мен жұмыстарына сәттілік тілеп, алғыстарын айтты.

Н.ӨТЕП.

Суретте: байқаудан көрініс.

Өңіраралық форум өтті

Биылғы жылғы 13-маусым мен 16-маусым аралығында көршілес орналасқан Балқаш қаласы мен біздің қала маңында жайғасқан «Балқаш» емдеу-сауықтыру кешенінің ғимаратында сырттан келген және қала кәсіпкерлерінің қатысуымен өңіраралық форум болып өткен еді. Осы маңызды ісшараның өтуіне орай Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Ахан Жүсіповтен форумға қатысты пікірін сұраған едік.

Мекеме басшысы бізге былайша маңызды ақпарат берді:

- 2016-жылдан бастап қаламыздың туризм саласын дамыту және кәсіпкерлікті мейлінше жетілдіре түсу мақсатында өңіраралық форум өткізіліп келе жатқаны баршаға мәлім. Форумға қатысуға туроператорлар мен әлеуетті инвесторлар, сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлер шақырылады. Форумды өткізудің басты мақсаты – ішкі туризмді дамыту және Приозерск қаласының аумағында тың жобаларды іске асыру үшін сырттан инвесторларды тарту.

Осы форматта жыл сайынғы форумды өткізу негізінде қаланың имеджін жақсарту, ішкі және шетелдік туристерді тарту және Солтүстік Балқаш өңірінің орталықтарының бірі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қаланың географиялық тиімді орналасуы да туризм саласындағы кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы.

Бүгінгі таңда жалпы сомасы 69 млн. теңгеге жуық төрт жоба жүзеге асырылып жатыр. Осы жаңадан іске қосылатын нысандарда демалушыларды орналастыратын 40 нөмір болады деп жоспарланып отыр. Аталған жобалардың іске қосылып, халыққа қызмет ете бастау мерзімі – 2020-2021-жылдар деп шамалануда.

Қаламыздағы туризмді дамыту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар бүгінгі таңда өз жемісін беруде деп айтуға толық негіз бар. 2018-жылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, қызмет көрсетілген демалушылар саны 2017-жылғы 12 аймен салыстырғанда 57,9 пайызға өскен. 2018-жылы жатын орынмен қамтамасыз етілгендер саны 8254 адам, немесе 2017-жылға



Форумда қатысушылардың назарына 2038-жылға дейін Приозерск қаласын дамытудың Бас жоспарына сәйкес бос учаскелерді, инфрақұрылым, туризмді дамыту бағыттары туралы қажетті ақпарат ұсынылып отырады. Өткізілген форумдар және инвесторлар тарту жұмыстарының нәтижесінде қаламызға Нұр-Сұлтан, Алматы және Павлодар қалаларынан инвесторлар тартылды. Аталған инвесторлар туризм саласындағы жобаларды жүзеге асыруда. Бұл – бас жоспарға сәйкес қала шегінде көл жағалауындағы демалыс аймағы мен қонақ үйлер құрылыстары. Осы жобаларды іске асыру туризм саласындағы әлеуметтік-экономикалық дамуға, оның ішінде жұмыс орындарын құруға, АСБ және туристік өнім қызметтерінің түрлерін көбейтуге оң әсер етеді.

(3380 бірлік) сәйкес кезеңмен салыстырғанда 244,2 пайызды құрады. 2018-жылдың 12 айында көрсетілген қызметтер көлемінің ақшалай көрінісі 114,901 млн. теңгені құрады. Бұл 2017-жылға сәйкес кезеңіне 165,8 пайызға (43,220 млн. теңге) артық.

Осындай қаламыздың дамуы мен ішкі туризмді және кәсіпкерлікті дамыта түсуге бағытталған форумдар өткізіп тұру алдағы уақыттарда да өз жалғасын табатын болады және бұл ісшара қала тұрғындары үшін де маңызды әрі пайдалы болмақ.

- Маңызды мағлұматыңыз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан Н.ҚАРАБЕКТЕГІ.

Суретте: Форумнан көрініс.

Оқиға

ҚОНАҚТАР СУДАН ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Жуықта Теміртау қаласынан құдам, әрі досым Темірбек қалада тұратын қызы Маралдың отбасына әрі туған күніне қонаққа келіп, соның қасында болу үшін барғанмын. Сол жерде қалалық аурухананың «Жедел жәрдем» бөлімінде қызмет ететін келінім Маралдан қаламызда болған судан құтқару оқиғасы туралы есітіп, біліп, дереу төтенше жағдайлар бөліміне қарасты қалалық құтқару қызметінің басшысына телефон арқылы хабарласқан едік. Олардан төмендегіше қысқаша мәлімет алдық.

Биылғы жылғы 29-маусым күні қаламыздағы Балқаш көліне өзге аймақтан қидырып, шомылуға келген отбасылық топ көлде қайықпен жүзуге тапсырыс береді. Қайықпен жүзуден тәжірибесі жоқ қонақтар көл жағалауынан 500-600 метрдей алыстағанда кенеттен қайықтары суға

аударылып, олар суға бата бастайды. Бұл төтенше оқиғаны сол маңда өз шаруасымен жүрген Жұртбаев деген азамат көріп қалады да, дереу төтенше жағдайлар бөліміне қоңырау соғады. Өзі де қол қусырып қарап отыруға шыдамаған әлгі азамат дереу шешініп тастап, зардап шегушілерге көмектесуге ұмтылады. Балқаш көлінің жағасында өскен, еркін жүзуге машықтанған жігіт қонақтарды құтқарумен айналысып жатқанда судан құтқару қызметінің қызметкерлері де жедел жетіп келген. Нәтижесінде, құтқарушы жігіттердің жедел әрі сауатты қимыл-әрекетінің арқасында 1993-1986-жылдар аралығында туған М.К.Жұмашев, Г.К.Жұмашева, А.Оспанбеков, А.Алтаев, Д.Қалқабаев, Г.Айнабекова, Н.Садвақасов, Д.Абдумұрзаева және А.Тұрғанбаева

секілді барлығы тоғыз адамды құрайтын қала қонақтары дер кезінде судан, яғни мезгілсіз ажал аузынан дер кезінде құтқарылып алынған.

Судан құтқарылған азаматтарға уақытылы қызмет көрсетуге 4 адам мен 2 жүзу құралдары, 2 ТЖБ қызметкері, 4 өрттен құтқару қызметкері мен 1 техника және тағы басқа төтенше жағдайға қатысуға тиісті адамдар мен техникалар, қалалық аурухана мен әкімдіктен медицина қызметкері хәм әкімдік қызметкері, 2 техника қатысқан. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, аталған оқиға жұдырықтай жұмыла кірісудің арқасында қаншама адамның өмірі ажалдан



аман қалды және қаншама отбасы төтеннен келетін қайғының қасіретін тартпады.

Н.ҚАРАБЕКТЕГІ.

Суретте: судан құтқару сәтінде.

На страже здоровья

ЗДОРОВАЯ ЖЕНЩИНА - ОСНОВА ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА

Почти каждая четвертая женщина трудоспособного возраста в нашей стране умирает от болезней системы кровообращения (23,8 процента). Еще почти столько же от новообразований 22,9 процента.

Третье место в этом печальном рейтинге занимают внешние причины — 19,2 процента. Об этом прозвучало в докладе главного врача Республики на пленарном заседании в Правительстве из уст Министра здравоохранения Биртанова Е.А.

Коэффициент смертности женщин в трудоспособном возрасте составляет 209,4 на 100 тысяч человек соответствующего возраста (данные на 2018 год, более свежих еще нет). По сравнению с 2017 годом показатель снизился на 6,9 процента.

Меньше всего трудоспособных женщин умирает в Шымкенте, Алматы в Западно-Казахстанской области. Больше всего — в Восточно-Казахстанской области, в Павлодарской, Кызылординской, Карагандинской, Мангыстауской областях.

Одной из основных причин являются инсульты, инфаркты как осложнение и последствия высокого артериального давления, сахарного диабета, ожирение, гиподинамия и т.д.

Следует учесть что несмотря на активное внедрение цифровизации в систему здравоохранения и усиление роли ПМСП в профилактике вышеуказанных заболеваний (скрининги, профосмотры, передвижные медицинские комплексы, школы для диабетиков, гипертоников). У населения все

же остаётся недопонимание важности и ценности, своего личного здоровья, которая остается самым главным богатством человека на протяжении всей его жизни.

Ежегодный осмотр женщин после 40 лет, выявляет множество проблем со здоровьем у этой категории граждан, наиболее часто встречаются женщины с гормональными нарушениями, различные анемии, заболевания почек, у каждой второй женщины наблюдаем проблемы в органах малого таза, что является одной из частых причин бесплодия в зрелом возрасте и новообразований в малом тазу начиная с миомы вплоть до злокачественных опухолей.

Следует учесть что врачи независимо от специальностей должны особо подходить к здоровью женщин репродуктивного возраста от этого зависит здоровье детей и подрастающего поколения.

Работа над профилактикой в проблемах женского здоровья является одной из важных в государственной программе «Денсаулық 2016-2019 гг.».

Государство тратит огромные средства на охрану материнства и детства. В рамках внедрения социального медицинского страхования пакет услуг увеличится в этом направлении, государство продолжит работу по усилению и доступности медицинской помощи женщинам.

Саурбаева А.М.,
заместитель директора по Омид

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЕ

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несие тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.
МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

ҚАЗАҚСТАН «DOING BUSINESS» ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКІ РЕЙТИНГІСІНДЕ

Дүниежүзілік банктің (WorldBank) аналитиктер тобы жыл сайын әлемнің 190 елдерінде бизнесті жүргізу жағдайының қолайлылығын зерттеу жүргізеді. Анализ 10 индикаторлар бойынша жүргізіледі. Анализ есепте жасалып әдетте күзде «The Quarterly Journal of Economics» (QJE 1886 жылдан бері шығарылады) атты ежелгі ағылшын тіліндегі экономикалық ғылыми журналында басылып шығарылады.

Анализ іс жүзінде елдердің үкіметі өткізген реформалармен бірге, кәсіпкерлердің Дүниежүзілік банкі сарапшыларының сұрастыруына қатысушылардың пікірлерін салыстыру арқылы өткізіледі. Осындай объективті анализ бәсекелестік артықшылықты және қай елдің болса да экономикасының инвестициялық тартымдылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеулерде анализдан басқа кәсіпкерліктің дамуына кедергі болатын себептер, оларды жөнуге бойынша ұсынымдар, іскер климаттың әрі қарай дамуы жолдары көрсетіледі.

Әр түрлі елдердің үкіметі үшін кіші және орта бизнесті реттейтін нормативті актілерді және олардың заңдарын пайдалану тәртібін қайта қараудың қажеттілігін білдіреді. Қазанның соңғы күні Дүниежүзілік банктің «Doing Business-2019» рейтингі жаңартылып докладта және www.doingbusiness.org сайтында жарияланады. 2002 жылы осы рейтинг түзілгеннен бергі аралықта тізім бойынша жоғары көтеріліп келе жатқан Қазақстан биыл 190 мемлекеттің ішінде 28-орынға тұрақты. «Doing Business-2019» рейтингінің көш басында Жаңа Зеландия, Сингапур, Дания, Корея елдері орналасқан. Грузия, Норвегия, АҚШ, Ұлыбритания, Македония елдері алғашқы ондық сапында. Әр елдегі кәсіпкерлікті

реттейтін нормативтік-құқықтық актілер, оның сол елде, елдің ірі қалаларында, өңірлерінде сақталу барысы, шағын және орта кәсіпорындардың жұмысы, тағы да басқа факторлар назарға алынатын тізімде еліміз Әзербайжан, Аустрия елдерінен кейінгі орынды иеленіпті. Испания, Ресей Федерациясы, Польша, Португалия, Жапония, Франция, Қытай, Швейцария, Түркия бізден кейінгі сатыда.

Елдің бизнес-климатын жақсартуға пайдаланылатын «Doing Business рейтингі».

Рейтинг 10 индикаторлар бойынша құрылады:

1. Кәсіпорынды тіркеу
2. Құрылысқа рұқсат алу
3. Жекеменшікті тіркеу
4. Несие алу
5. Инвесторларды қорғау
6. Салық салу
7. Халықаралық сауда
8. Келісімдерді орындау
9. Төлемге жарамсыздықты жою

10. Электрмен қамтамасыз ету жүйесіне қосылу «Doing Business» рейтингі тұтасымен кәсіпкерліктің барлық өмірлік кезеңін, ашылуынан бастап жабылуына дейін, талдап шығуына мүмкіндік береді. «Doing Business» бағалауына қатысатын елдердің саны үнемі өсіп тұрады.

Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз қазіргі уақытта өз экономикасын қалыптастыруда. Уақыт өте келе, бұл Қазақстан дамуының әлдеқайда тұрақты және әртарапандырылған үлгісіне негіз болады деп күтіледі.

Приозерск қаласы
Әділет басқармасы

ЕГОВ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИМДІЛІГІ ҚАНДАЙ

ЖЫЛДАМ
БИЗНЕСТІ ТІРКЕУ УАҚЫТЫ
1 САҒАТТАН АСПАЙДЫ!

ӨТЕ ҮЙСІМДІ
40 ҚЫЗМЕТ ҮШІН БІР
РЕТ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН
SMS-ПАРОЛЬ
АРҚЫЛЫ
ЭЦҚ

НАҚТЫ
ҚОЛЖЕТІМДІ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІ
МҮМКІНДІКТЕРІ:
e.gov 235 ҚЫЗМЕТ
e-license 399 ҚЫЗМЕТ

«БАЛАНЫҢ ТУЫЛУЫ»
КОМПОЗИТТІК ҚЫЗМЕТІ
SMS АРҚЫЛЫ 3 ҚЫЗМЕТ

24/7

ПОРТАЛДА АНЫҚ
ТАМАНЫ КҮНІ-ТҮНІ
КЕЗ КЕЛГЕН
УАҚЫТТА 10-15
МИНУТ ІШІНДЕ
АЛУҒА БОЛАДЫ

БҮРҮН 30 КҮН
УАҚЫТ КЕТЕТІН

ТУУ ТУРАЛЫ ҚУВЛІКТІ АЛУ
ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ
БАЛАБАҚШАҒА КЕЗЕККЕ ҚОЮ

DIGITAL KAZAKHSTAN

2018

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ
«МИЛОЛИКА»**

Предлагает услуги
по мужской и женской стрижкам,
укладке, по маникюру,
наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107

Время работы:
с 10.00 час. до 19.00час.

Выходной - Понедельник

Запись по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Ангалий)
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).
На маникюр: 8-708-235-35-19
(Анастасия)

Парикмахерская
Милолика

Ваша
красота -
Наша
работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

ОБЪЯВЛЕНИЕ * ОБЪЯВЛЕНИЕ**

НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.
Возможен торг.

г. Караганда, (город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м²
Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе.

Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти Рожковой Татьяны Владимировны,
умершей 10 января 2019 года.

Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б.,
по адресу г. Приозерск, ул. Кисунько, Дом 1Б.
Тел.: 87751621005.

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве
связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.
Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15,
Заказ № 28/620. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и
журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и
частными распространителями в г. Приозерске и
г. Караганда, а также по подписке во всех городах и
районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за
точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других
данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений.
Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции
запрещена.